

АҚМЕШТ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 07 (440)
17 ақпан, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

ЖАСТАРЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті

Бейбіт ОРАЗБЕКҰЛЫ, мұнай-химия саласының ғылыми-техника магистрі, SinGO филтър жобасының идея авторы:

«БАЛАМАЛЫ ҚУАТ КӨЗДЕРІНЕ АУЫСУ
УАҚЫТ КҮТІРМЕЙДІ»

Мұнай бағасы қоғам үшін қашанда құнды. Бірақ одан алынатын шикізатты өңдеу бөлек мәселе. Салада білікті мамандардың жетіспеушілігі де алаңдатады. Осы тұста жас маман Бейбіт Әбдібекұлы саланың болашағы мен назар аударуды қажет ететін мәселелер жөнінде өңгіме қозғайды.

— Бейбіт, сіздің Назарбаев зияткерлік мектебінің үздік түлегі екеніңізден хабардармыз. Ғылым мен білімді тоғыстырған мектептегі ізденісіңіз жоғары оқу орнында, тәжірибе алаңында қалай жалғасты? Қазір қандай жобалар бойынша жұмыс істеудесіз? Өңгімеңізді салаға қадам басқан сәтіңізден бастасан...

— Мұнай-химия саласына келгенім жылға жуықтады. Бұл сферада сол уақытқа дейін жұмыс істеп көрмедім әрі менде тәжірибе де болмады. Бірақ мамандығым деген қызығушылығымның арқасында саланы зерттеуге құштарлығым артты. Өзіңіз білесіз, Қызылорда қаласында мұнай өңдеу мұнай өнімдерінен материал дайындау төмен деңгейде, бізге Атырау, Ақтөбе қаласындағы жоғары инфрақұрылым жетпейді. Қазіргі таңда осыны егжей-тегжейлі зерттеу үстіндемін, оған қоса ғылыми-педагогикалық бағытта жобалар жасалады.

— Сұды тазалайтын SinGO филтър жобасын жасауға идея қайдан келді және бұл құрылғының мүмкіндіктері қандай?

— Бұл жобаны бастау, зерттеу жұмыстарын жүргізу тікелей ғылыми жетекшімен байланысты болды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми жетекшім, профессор Азат Сейітханмен бірге Алматы қаласындағы барлық ауыз суға зерттеу жүргіздім. Тынымсыз өңбек пен білімді талап ететін ізденіс нәтижесінде су тазалығы өте нашар, ішуге жарамсыз екенін байқадым. Біз жасап шығарған SinGO су тазалау филтърлары суды барлық ауыр металдар (Fe, Cu) мен хлордан (Cl) тазалайды. Қазір осы жобаны әрі қарай дамыту жоспарлануда.

— Бұл саланың жылдар бойы зерттеліп келе жатқаны белгілі. Десек те шикізат өңдеудің ғылыми беймәлім тұстары қандай?

— Дұрыс айтасыз, мұнай-химия саласы толық зерттелген сфераның бірі. Бізде мұнай өңдеу аппараттарының жұмыс істеу сатысы стандартты саналады. Өкінішке қарай шикізат өңдеу кезінде адам ағзасына көп зиян келеді, олар жұмыс барысында белгілі бір деңгейде улы газдар жұтады, сол себепті сала мамандарының қауіпсіздігін жеті көңіл бөлу керек деп ойлаймын.



ДИПЛОМ

Мұнайдан шикізат алудың артықшылығы көп. Кемшілігі жайлы не айтасыз?

— Иә, мұнайдан 99 түрлі өнім шығады деген аппарат бар, сол себепті мұндай бағалы қазба ретінде қарастыруға болады. Қазіргі таңда өлімізде мұнай өңдеу саласында толық дамыған технологиялар қолданылады. Көбіне бізге Қытай және Германиядан технологиялық қондырғылар жеткізіледі, бірақ оларды сатып алу, жөндеу жұмыстары қымбатқа түседі. Сондай-ақ білікті мамандар жетіспейді. Саланың басты кемшіліктері деп осыны айтар едім.

— «Болашақта мұнай қоры таусылуы мүмкін және сала мамандарының жұмыссыз қалу қаупі бар» дегенді айтады зерттеушілер. Сіздің пікіріңіз қандай? Елде мұнай өңдеу ісін жолға қою үшін не істеу керек?

— Елімізде мұнай қоры әлі де көп, шамамен 100 жылға жетеді деп болжанған. Өрине, "қара алтын" күннің бір уағында таусылуы мүмкін, сол себепті де ақырғыда альтернативті энергия көздеріне ауысуға дамыа. Бірақ өзге мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстандағы өндіріс әлі күнге артпа келе жатыр. Сондықтан тәуіррек күн энергиясы, жел, су сынды баламалы қуат көздеріне назар аудару қажет. Бұл — уақыт күтірмейтін мәселе.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен:
Гүлдана ЖҰМАДИН



Былдан бастап талай жастың арманына айналған «Болашақ» бағдарламасына өзгеріс енді. Өзгеріс бағалау өлшемі, қажетті құжатта емес, білім алуға болатын университеттер мен мамандықтар төңірегінде болмақ. Анығы, Ресей ЖОО мен техникалық сала жайында. Себебі жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев техникалық бағыттағы мамандықтарға көбірек назар аудару қажеттігін айтып, бағдарлама шеңберінде Ресейдегі білім беру ұйымдарын қамтуды ұндыған еді. Ұсыныстан соң қоғам пікірі екіге жарылып, әлеуметтік желіде қызу талқылау түсті. Бірі, мамандарды оқыту үшін көрші елге жіберу қажет емес десе, енді бірі Ресейдің білім сапасының жоғары екенін алға тартты.

Мәселенің төрінде Президенттің бизнес өкілдерімен кездесуінен бастау алды. Жылда маман әзірлеу ісіндегі опылықты сипаттаған Мемлекет басшысы «Болашақ» бағдарламасына қатысты ой-пікірін бүтпесіз жеткізген болатын. Сондай-ақ Қазақстанда техникалық мамандықтарды оқытуға жәрдемдесетін әлемдік ЖОО-лардың филиалын ашу жұмысын да қолға алуды жүктеді.

«Біз тым көп экономист, заңгер, менеджер дайындаймыз. Қазір техникалық бағыттағы мамандықтарға көбірек назар аударуымыз қажет. «Болашақ» бағдарламасын қайта бағдарлаймыз. Жастарымызды оқуға, мүмкін бірінші кезекте Ресейдің танымал техникалық жоғары оқу орындарына жіберерміз», — деген болатын.

«Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін толықтай шеше ала ма? Мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктерді көпке мәлім еткен жәрмеңке жайлы сөз қозғағанда осы сауалдың туындайтыны заңды. Статистикаға сүйенсек, жуырда ғана ұйымдастырылған жәрмеңкеде 250-ден аса қызылордалық мамандығы бойынша мекемелерге жолдана алған. Қазір нарықтың сұранысына сәйкес жұмыс табудың оңай емесін ескерсек, бұл бастаманың тиімді тұсы мол екенін көрсетеді.

Жұмыссыздар арасында жастардың болуы және жыл өткен сайын олардың көбеюі қоғам үшін түйткілді мәселе екені белгілі. Осы опылықты жері мақсатында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы қабылданып, жастарға жаңа мүмкіндік сыйлағаны рас. Бұл бағдарламаға оқуын енді бітірген жас маман немесе соңғы үш жылда мамандық бойынша жұмыс істемеген жастар қатыса алады. Жастарға қолдау беріп, бағыт көрсеткен бағдарламаға биыл өзгерістер енді. Осыған дейін бастама арқылы жалақы 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінде беріледі, енді жас мамандар 30 АЕК (91 890) теңге жалақы алатын болады. Оған қоса осы жылы бағдарлама арқылы 649 жас маманға қаржы қаралған. Бұл жәрмеңкеде ұсынылған тиімді

дипломды қажет етпейді, яғни мектептің аттестатымен жұмысқа тұра аласыз. Бұл мектептен кейін оқумен қамтылмаған жастарға тиімді. Мұндағы жоғары талалың бірі — 18 айдың 12 айында жұмысқа тұрушы мемлекет тарапынан айлық ала, қалған жарты жылдыда мекемеге жұмысқа алынуы керек. 12 ай біткен соң тұрақты жұмысқа қабылдау деген міндеттен бар. Осылайша маман тұрақты жұмысқа орналасқан соң соң мекемеде қалады. Бұл кәсіпкерлерге де, жұмысқа тұрушыға да ыңғайлы. Енді ғана кәсіп бастағандар үшін тиімділігі — жас мамандарды алып, мемлекет 12 ай айтылған қамтыған соң, әрі қарай өзіне салалы маман ретінде алып қалуында.

Айта кету керек, биыл жастарға берілетін «Бастау бизнес» жобасының қайтарымыз заңғат көлемі де өзгерді. Бұған дейін ол 580 мың теңге болса, енді 1 млн 200 мың

«Бос жұмыс орындары»

МӘСЕЛЕ МЕН МҮМКІНДІК

бағдарламаның бірі ғана. «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесінің пайдалы тұстары және жұмыссыздық мәселесі жөнінде «Qosy» қалалық жастар ресурстық орталығы директоры Сабиржан Кеңшілік мынадай пікір білдірді.

— Негізгі жастарды және жалпылама тұрғындарды жұмысқа орналастырудың бірнеше құралы бар. Аталған жәрмеңке соның бірі. Біріншісі — онлайн аппараттық жұмыс, яғни «Жұмыс бар» деген арнайы парақша арқылы бос жұмыс орындарының постерлерін шығарамыз. Екіншісі — осы жәрмеңке. Басқа құралдармен салыстырсақ, жәрмеңке тәсілі неғұнлым. Себебі мемлекеттік бағдарламалар арқылы емес, бос жұмыс орын ұсынғып отырған кәсіпкерлердің өзін тікелей шақыру арқылы жүргізіледі. Жұмыс беруші бірнеше кандидатпен сұхбат құру арқылы өзіне қажетті мамандықтарды таңдап, Бір жағынан бұл жұмысқа іздеушіге де ыңғайлы. Азамат бірнеше жұмыс жайлы сөйлесіп, өзіне қайсысы ыңғайлы, соны тандауына мүмкіндік бар.

Жәрмеңкеде ашық, қолайлы орта және жақсы тенденция байқалады. 60-ға жуық мекеме өкілі жұмыс ұсынғып келді, соның көпшілігі бір-екі күн қалғанда хабарласты. Біз, өрине, оларды қабылдадық. Оған дейін 40-тай жұмыс ұсынуды болса, соңғы бір-екі күнде жиырма шақты мекеме хабарласып, осылайша барлығы алпыс-ай жұмыс беруші қиындады, яғни бос жұмыс орын жәрмеңкесі тек жұмыссыздарға ғана емес, жұмыс берушілерге тиімді болды. Ал біз үшін жұмыссыздық мәселесінің шешілуі қуантарлық жайт. Ешкімді мажбүрлемейміз, тек таңдау мүмкіндігі туатындай нұсқаларды ұсына аламыз. Ал таңдау еркі көбірек болғанда адам өзіне жақсыны, керекті іріктейді.

Жұмыс орнына келетін аудиторияны таңдау да маңызды. Соңғы екі жылда қаладағы колледж, университеттердің бітіруші түлектерімен тікелей байланыса шығып, оларды мемлекеттік бағдарламалармен де, жеке жұмыс орындарымен де қамтамасыз еттік, — деді ол.

Ал «Алғашқы жұмыс орны» жобасы жастарды қуанышпен сүйіншілеген жағдайының бірі болғалы тұр. Бағдарламаның басты тиімділігі — орта арнаулы және жоғары оқу орын бітірген

теңгеге ұғайлатыды. Осы жылы жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттің гранты 909 адамның алуға мүмкіндігі бар. Оның ішінде 331 жас кәсіпкерге грант беру жоспарлануда. Бағдарламалардың пайдалы тұстарымен танысқан соң жастармен етене жұмыс істейтін орталық басшысына «Жастар жәрмеңкесі арқылы жұмысқа тұрып, белгіленген мерзім аяқталған соң қайта жұмыссыз қалуы мүмкін бе? Жәрмеңке мәселені түбегейлі шеше ме?» деген сауалымызды да қойған едік.

— Біз 561 бос жұмыс орын ұсындық. Оның жартысынан көбі тұрақты, мекемелердің өздері ұсынған жұмыс. Ал 200-ге жуық мемлекеттік бағдарламалар арқылы жұмысқа орналасты. Сұраққа оралсақ, өрине, жұмыссыз қалуы мүмкін. Себебі бағдарламаның мақсаты — адамды уақытша жұмыспен қамту емес, енді ғана жоғары оқу орын бітірген маманға алғашқы тәжірибе беру. Алғашқы өңбек шарты құрылды. Мамандығы бойынша тәжірибе жинақтайды. Барлығы заң аясында жүзеге асады. Еңбек кітапшасы ашылады, шаттақт режимде жұмыс істейді. Мәселен, осы жылы бағдарлама бойынша жұмыс істеу 1 жылға созылды. Тек тәжірибе жинап қоймай, ұқыммен жұмыс істеу арқылы кешіртпін сыяқтан етеді. Бұл жұмыссыз қала ма деген сөз емес, жастарға мүмкіндік бере аламыз ба дегенге саяды, яғни «Жастар тәжірибесі» арқылы жұмыс істеген түлектің одан кейін жұмысқа орналасуына мүмкіндік бар. Ешкімді бағдарлама бұл мәселені шеше алмайды. Бәрі оның өзіне байланысты. Жұмысқа орналасып кеткен адамдардың өз кейде шыдамай, бір апта мекеме бір айдан кейін жұмыстан кетуі мүмкін. Егер еңбек етуде қажетті дағдылар болмаса қиналып, бәрібір жұмыстан шығады. Мұндағы басты мақсат — әр адамға жұмыс табуға мүмкіндік сыйлау, — деді С.Кеңшілік.

Шытырман салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі облыс бойынша азайған. Мемлекеттік бағдарлама арқылы да, тұрақты жұмысқа да тұратын жастар қатары көбейген. Бірақ бұл мәселе өзге қалаға жұмысқа кету арқылы шешіледі. Өйткені қалада өз мамандығы бойынша тиісті мекеме, компания мамандықтан жастар сыртқа кетуге мәжбүр еткен жасыра алмаймыз. Қызылорда облысы индустриялы аймақ болмағандықтан сол техникалық мамандықты меңгергендер көбіне шетел асып немесе Қарағанды, Семей шетел асып барып, жұмыс істеуде.

Е.НҰРТАЙҚЫЗЫ



14 ақпан – халықаралық кітап сыйлау күні. Маңызды күнді жастар елеусіз қалдырмады. Ауқымды шара сол жалаудағы жастар орталығына бастау алды. Оған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас, журналист, ақын Толқын Қабылша қатысты.

ЕҢ ҚЫМБАТ СЫЙ

Акцияға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Кітап құрттары» оқырмандар клубы және «Сыр үміті» жастар қоғамдық бірлестігі атсалысты. Шараға қатысушы зиялы қауым өкілдері ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұра – кітап екенін айтып, жастарды кітап оқуға, сол арқылы білім жетілдіруге шақырды. Басқарма басшысы Мира Жомартқызы кітап сыйлау күніне орай жастарға абайтанушы, белгілі

ғалым Мекемтес Мырзахметұлының «Абайтану» кітабының 2 томдығын сыйлады. Сонымен қатар кітапханашылар Айжан Болатқызы, Шолпан Айжарыққызы, Сауле Бегалықызы және қаладағы «Кітап а!» дүкендер желісінің негізін қалаушы Нұрбек Досболұлын Алғыс хатпен марапаттады. Шара барысында Нұрбек Досболұлы кітап сатып алушылардың басым көпшілігі жастар екенін

айтып, қуанышын жеткізді. Сондай-ақ Қытай Халық Республикасында білім алған сырбобильқы жас Фархат Орынбасар елге келісімен ерекше кәсіпті қолға алғанын айтты. Ол жаңа кафефериясына қызықты кітаптар қую арқылы тұтынуды тартып отырғанын жеткізді. Фархад өз сөзін «Адам табысқа біліммен ғана жете алады» деп қорытындылады.



Облыстық жастар ресурстық орталығы «Тату отбасы» отбасылық онлайн марафонын өткізді. Мақсат – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, отбасы мүшелерін жаңа қиырынан тануға мүмкіндік беру, отбасы құндылығын арттыру, татулығын, беріктігін сақтап қалуға ықпал ету.

МӨНДІ МАРАФОН


Дәстүрлі марафонға қатысуға 50-ге жуық отбасы ниет білдірді. Алайда тек 19 отбасы ғана тиісті тапсырмаларды орындап, марафонды ойдағыдай аяқтады. Оның ішінде 12 жас отбасы болса, 7 көпбалалы отбасы болды. Отбасылар «Whatsapp» әлеуметтік желісінен арнайы ашылған топқа қосылып, күнделікті тапсырмаларды орындады. Марафон барысында олар

өз отбасыларының ережесін құрды, смартфонсыз күн өткізді, бірге театрлық қойылым қойды, отбасы шежіресін айтып, балаларын 7 атасымен таныстырды, отбасы мүшелері журналист болып, балалары ата-аналарынан, ата-аналары балаларынан маңызды сұрақтар бойынша сұхбат алды, тәттілер пісірді, бірге көбірек серуендеді.

Қатысушылар тапсырмалардың нәтижесін бейнежазба немесе фотосурет түрінде күнделікті жіберіп, ол ұйымдастырушылар тарапынан бағаланды. Отбасы тақырыбы қоғамда қашанда маңызды. Сондықтан ұйымдастырушылар бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта жалғастырынып айтады.

ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоры ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мөрейтойына орай «Абай академиясы» сериясы бойынша жарық көрген кітаптармен толықты.



Алаштанушы ғалымдардың авторлығымен жарық көрген «Абай және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект» атты ұжымдық монографияда абайтанудың тарихи бастауында тұрған Алаш тұлғаларының мұрасы жаңаша пайымдалып, тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект зерттелген. Тарихшы, заңгер Нұрлан Дулатбековтің жетекшілігімен шыққан «Құнанбай Өскенбаев ісі» атты дерекнамалық зерттеу кітабында Омбы мұрағатынан жинаған материалдары берілген. Автор кітаптың «Дархан даланың кеменгері» деген дерекнамалық зерттеу бөлімінде Құнанбай Өскенбайұлының жеке тұлғасына және мұрағаттық құжаттарға қатысты тарихи талдау берген.

«Бес асыл іс» атты балаларға арналған танымдық жинағында Абай Құнанбайұлының жас ұрпаққа тағалым, өсиеті қамтылған. Жинақта Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алған бес асыл іс туралы ойы талданып, балалар ұғымына сай түсіндірілген. Бес санының танымдық мәнінен бастау алған түсіндіру, талдаулар «Бес» саны аясына жинақталып, кеменгер ақын туралы танымдық материалдар, ұсынылған тапсырмалар дерлік осы бағытта топтастырылған. Академик Е.Сыдықовтың 2 кітаптан тұратын «Абайдың ғұмырнамасы» еңбегінде архив қорларында сақталған Абай Құнанбайұлының ғұмырнамасына қатысты ақын замандастарының, ұрпақтарының және зерттеуші ғалымдардың ғылыми-танымдық естеліктері жарияланған.

«МЕН ҮШІН ҮЛГІ АДАМ»

“Ұлы дала сарбазы”. Мектеп бағдарламаларынан осы тіркесті кезіктірsem, көз алдыма мен үшін үлгі адам – Аймұрат Нұрлыбекұлы еріксіз келеді.



Бізге айтатын тәлімге толы еңіmelерінің бірінде көкемі: «1992-2001 жылдар аралығында қазақстандық сарбаздар тәжік-ауған аумағында ТМД-ның сыртқы шекарасын күзеттік. Ауғанстаннан кіруге тырысқан топтың жолына тұрып, қақтығыстың одан әрі өршінуіне жол бермедік», – деп толғаныспен еске алды. Қазір көкемінің омырауында «Қазақ Батыры» төбелгісі жаққырап тұр. Осындай сарбазды дүниеге өкеліп, отансүйгіштікке

тәрбиелеген анасы «Ана Жүрегі» төбелгісімен марапатталған. Аймұрат көкемінің бейбітшілік жолында атқарған бұл қызметі біздерге үлгі-өнеге. Жанымда жүрген ерік-жігері мол сарбазды, ел үшін отқа түсуге дайын азаматты мақтаным тұтамыз, менің жақыным екені бұл сөзімді еселей түседі десем артық емес. Өйткені сол уақытта әрбір сарбаз азаматтық пен батырлықтың биік үлгісін көрсетті. Отан алдындағы

парызын ақтады. Ал бұл ерлік ешқашан ұмытпайды. Шағын мақаламды жария етуімнің себебі де мыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуына 33 жыл толып отыр. Тарихтағы аса қасіретті кезеңнің бірі, жастық шағын туған жерден тыс жерде, майдан даласында өткізген азаматтардың ерлігін дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Бақдаулет ҚУАНЫШҰЛЫ,
№253 орта мектеп оқушысы

Бала – отбасы үшін де, мемлекет үшін де болашақ. Сөбиді құрсақта жатқан кезінен тәрбиелеу керектігін білген ата-баба әкесі мен анасы, атасы мен әжесіне ғана емес, бүкіл елге жауапкершілік жүктенген. «Ел болам десең, бесіңді түзе» дейді Мұхтар Әуезов. Парасат иесінің бұл сөзі бүтін елдің тағдыры мен болашағы балалық шақты басынан өткізіп жатқан кішкентайлардың қолында екенін меңзесе керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та саналы, сапалы ұрпақтан ірі тұлғаларды қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасау қажет екенін өз сөзімен, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған еді. «Балаларға

ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті осы жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін», – деді Президент өз сөзінде. «Балалар жылы» аясында Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «ОгдаGen» компаниясы шығарған «Берке аю және кәсіп», «Мың бояулы Олда», «Олда ертегілері толық жинағы» танымдық кітапшаларының тұсаукесер кеші өтті. Оған Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы, ақын, журналист Қ.Есімсейітова, ҚР Жазушылар одағының

мүшесі, балалар ақыны, ұстаз Р.Наурызбаева, ҚР Журналистер одағының мүшесі, балалар ақыны О.Қосанов, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің балалар әдебиеті пәнінің оқытушысы З.Орманова, «ОгдаGen» жобасының директоры Т.Парасат қатысты.

Мұнда жас жеткіншектерге халық ауыз әдебиетінің бай

көрсете білу мен көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсат етілгені айтылды. Шарада аталған туындылар талқыланып, оқырмандар мен жаңа бастаманы көтеріп жүрген азаматтар, балалармен тікелей жұмыс істейтін мамандар арасында диалог орнады.

Шара барысында оқырмандар «ОгдаGen» компаниясының

БАЛАЛАР ЖЫЛЫЖАҒАҒЫ ЖАҢА БАСПАМА

нұсқасы саналатын ертегілер жанрын кеңінен насихаттап, оның ерекшеліктерін

жаңа туындыларымен танысып,балаларға арналған ертегілер бойынша қойылым

қойды. Тың туындылар жайлы өз пікірлерін ортаға салды. Ел болашағы



балалардың білімі мен тұлғалық дамуындағы маңызды мәселе – көркем әдебиет оқу жайын назарға алған жиын көтеріңкі көңіл-күй, әсем өнмен жалғасын тапты.

Дина БӨКЕБАЙ



– Осыған дейін вирусологияға мән бере қоймаған қоғам үшін қазір бұл термин жаңы таныс. Сондықтан әңгімемізді ғылым саласының қазіргі жүйінен бастасақ, Covid-19 ғылымға қандай өзгеріс әкелді?

– Иә, коронавирусты инфекция қоғамдық резонанс тудырған тақырып болғаны рас. Бірақ бұл осыған дейін вирусология ғылымының даму деңгейі төмен болды немесе басқа да өзекті вирусты инфекциялар болған жоқ дегенді білдірмейді. Әлем осыған дейін бірнеше рет тұмау (грипп) вирусының пандемияларын бастан өткерді, одан бөлек таралуы бойынша геометриялық прогрессиямен көбейіп келе жатқан, бүкіл әлем бойы қағып отырған, қан арқылы берілетін АИТВ (адамның иммунтапшылық вирусы) инфекциясы, вирусты В және С гепатиттері бар, ауа-тамшылы жолмен берілетін қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит вирустары, олармен бір қатарда бой түзеп келе жатқан онкогенді вирустардың мәселесі бар. Жыл сайын әйелдер арасында АПВ (адамның папиллома вирусынан) туындайтын жатыр мойнының қатерлі ісігі ауруы белең алып келеді.



Аяз ӘБДІРАХЫМҰЛЫ, «Астана медицина университеті» КеАҚ Ш.И.Сарбасова атындағы микробиология және вирусология кафедрасының оқытушысы:

«АДАМ АҒЗАСЫ ИНФЕКЦИЯНЫ ЖЕҢУГЕ ҚАУҚАРЛЫ»

денсаулықты күтуге үйретті, жақындарымызды қадірлеуге тәрбиеледі. Халықтың медициналық сауаттылығы артты, олар еліміздегі денсаулық сақтау саласының жұмыс істеу құрылымымен жақын танысты. Дәрі-дәрмектер жөнінде білімдері кеңейді. Қандай симптомдар дамыса дереу дәрігерге қаралу керектігін білді.

– Пандемия елдегі медицина мамандарының, әсіресе вирусолог, инфекционист мамандардың жетіспейтінін көрсетті. Осы орайда ғылым жолын таңдаған сәт жайлы да кеңінен тарқатсаңыз. Әдетте медицинаның қиындығы жиі айтылады, дей тұрғанмен ғылымның өзіне тән

ғылымды дүр сілкіндірген жаңалықтар. Өзім тереңдете айналысып жүрген микробиология жөніндегі денсаулық саласында осы және өзге де мысал көп. Десе де, қазіргі таңда шешімін таппай отырған сан түрлі сауал, әлемдік деңгейдегі мәселелер жетерлік. – Сала бойынша сізді қандай мәселелер алаңдатады? 40-қа жуық ғылыми мақаланызда қандай тақырыптарды зерттедіңіз? Микробиология, вирусология тақырыбында ғылым үшін беймәлім дүниелер қандай?

– Ғылыммен айналысқаным 5 жылға жуықтады. Осы аз ғана уақыт ішінде мен терең қанық болған, мені қатты алаңдататын мәселе бар – ол бактериялардың антибиотиктерге төзімділігі. Бұл

Дәріге төзімділікті айтқан кезде туберкулез инфекциясы жөнінде айтпауға болмайды. Осы ауруды емдейтін тек 5 дәрілік зат бар. Қазақстан – бүкіл әлемде туберкулездің емделмейтін поли-антибиотико-резистентті штамдары таралған бірінші мемлекет. Осы ретте бір өкінішті тұсын айта кеткім келеді. Біз мәселені көріп тұрмыз, шешу жолын білеміз. Бірақ әрекет етпейміз. Нақты мысал айтайын, жоғарыда айттып өткенімдей, әйелдер арасында жатыр мойнының қатерлі ісігі көп. Қоздырғышы да белгілі – адамның папиллома вирусының онкогенді штамдары. Шешімі де бар – вакцина өзге елдерде сәтті қолданыса өңгізілген. Тек еліміз қазіргі күні 12-14 жастағы қыздарға осы вакцинаны салуға қауқар танытпай отыр. Айтқандымдай-ақ, мәселе бар, шешім бар, әрекет жоқ. Түптеп келгенде әрекет те жоқ емес, халықтың медициналық сауаттылығы төмен. Тыңдайтын құлақ болса, біз айтуға, түсіндіруге әрқес дайынбыз.

Қазір мен қызмет ететін Нұр-Сұлтан қаласындағы Астана медицина университетіндегі Ш.И.Сарбасова атындағы микробиология және вирусология кафедрасының оқу зертханасының жағдайында кафедра меңгерушісі, профессор Марат Өтеуұлы және ғылыми жетекші профессор Әлия Өтешқызының қолдауымен түрлі бағытта зерттеулер жүріп жатыр. Зерттеу жұмыстарымыздың көп бөлігі антибиотиктерге төзімді бактериялардың штамдарын анықтау, олардың таралуын тоқтатуға жағдай жасау, алдын алуға бағытталған. Одан бөлек іріңді-хирургиялық ауруларға, жынсыздық инфекцияларға, патогенді сансырауқұлақтарға арналған жұмыстар бар. Қазіргі таңда рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарға мақалалар жариялау – ғалымдардың жұмыс индикаторы болып отыр. Осы ретте соңғы жұмыстарымыздың бірі – опиоидты есірткілер қабылдаған, наркоманиямен ауыратын науқастардың иммундық статусын зерттеу туралы ғылыми мақаламыздың ресейлік танымал журналда жарияланғанын тілге тиек еткім келеді.

– Адам ағзасын вирусқа төтеп беруге қаншалықты қауқарлы? Жалпы вирустан сақтанудың басты талаптары деп нені айтар едіңіз?

– Дені сау адам ағзасы біршама инфекцияны өз күшімен жеңуге қауқарлы. Теориялық жағынан алғанда иммунитеттің екі түрі бар: гуморальдық және жасушалық иммунитет. Гуморальдық иммунитетті құрайтын В-лимфоциттеріміз инфекцияның әрбір штаммына қарсы арнайы антиденені (иммуноглобулиндерді) түзеді. Мысалы, Covid-19 вирусы ағзаға енді түскен кезде қанда IgM-нің (иммуноглобулин М) титрі жоғарылайды, ал ауру


сызылмалы сатыға өткенде немесе вакцинадан кейінгі иммунитет бар болса, науқас бұрын ковидпен ауырған болса, онда IgG титрі жоғары болып тұрады. Біз оны ИФА (иммуноферментті анализ) деген зерттеу әдісі арқылы көрсек болады. Жасушалық иммунитетке Т-лимфоциттер – хелпер, Т-киллер, макрофагтар және өзге де лейкоциттер) жауапты. Олар өздерінен вирусқа қарсы келгенге қабынулық және қабынуға қарсы медиаторларды – цитокиндерді, интерлейкиндерді бөліп шығарады. Қазір халық «цитокиндік шторм» деген терминді біледі. Бұл ковидпен көпін бойлатын өлімнің негізгі патогенездік механизмдерінің бірі болып есептеледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, ауырмалық ем дүрсіс қазіргі – профилактика. Халқымызда «ауырып ем іздегенге, ауырмайтын жол ізде» деген нақыл сөз бар. Оның астарында үлкен мән жатыр. Профилактиканың біз екі түрін ажыратамыз: бейспецификалық және спецификалық профилактика. Бейспецификалық алдын алуға әр адамның жеке бас гигиенасын сақтауы, дұрыс тамақтануы, уақытылы ұйықтауы, жақсы қонп күйді жүруі секілді қаралып жатады. Ал спецификалық (арнайы) алдын алу тікелей вакцинациялау арқылы іске асады. Әр жұртталы ауруға тән өз вакцинасы болады. Бала дүниеге келген сәттен бастап өміріндегі бастапқы 2 жылына дейін 10-12 вакцина қабылдайды. Полиомеелит, дифтерия, көкжөтел деген аурулардың не екенін қазіргі қоғам білмейді де, бұл тікелей вакцинацияның арқасында. Екпе қажет және бұл мәселе талқылауды қажет етпейді.

– Әдетте тұрған вирус тақырыбындағы ақпараттың факт немесе миф екенін ажырата бермейді. Сіз қалай ойлайсыз, бұл қоғамдағы ақпараттың жеткіліктісіздігі ме?

– Иә, айналадағылар барынша білсе екен, түсінсе екен деп келген отырыста, достар арасында жүргенде үнемі айтып жүрмін, фейбукта да жазып жүрмін. Қазір дәрігерлер мен халықтың арасында асу бермес асау көп тұр. «Халық дәрігерге сенбейді» деген бар. Осыдан келіп фейк ақпаратқа илану, дәлелденген базасы бар ақпаратқа күмәнмен қарау немесе дұрыс пен бұрысты бір-бірінен ажырата алмай деген мәселе шығады. Айта білетін мақалалар аз. Білгендер бөлуге асықпайды. Олардың орнына «псевдомамандар» – «хайп» ұстаушы, осыдан бір пайда көруді ойлайтын, шындықты айтып отырмын деп өзінің тар ойын тықпалайтын адамдар көбейіп кетті. Осы мәселенің шешімі – сіздердің баспаға ұсыныс ретінде газет бетінен арнайы айдар ашуға, менімен бірге халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға әрекет етуге шақырамын.

– Сұхбатыңызға рақмет!
Сұхбаттасқан: Гүлдана ЖҰМАДИН



артықшылығы болады емес пе? Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Ғылым жолы қиын. Бірақ менің ғылымға келуім мектеп қабырғасында пайда болған қызығушылығымнан десем болады. Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі мен үшін фундаментальды «ғылым мектебі» болды. Ол химия-биология бағытында тереңдетіп оқытатын мектеп болғандықтан бізде жан-жақты дамуға, ой-өрісімізді кеңейтуге мүмкіндік болды. Одан кейін әр адам қолынан не келеді, сонымен айналысады деген бар. Менің жағдайымда да солай. Тәжірибе жасау, оны дәлелді базасы бар мәліметтермен салыстыру, артық-кемін табу, оны ғылыми мақала етіп жазып, сапалы ғылыми журналдарда жариялау – қызығы мен шыңығы мол жұмыс. Екінші бірінші қолынан келе бермейді.

Жалпы алғанда медицина саласы ғылым негізін тікелей өзіннің зерттеулерден алады. Гипократтың, Сп-Фарабидің, Ибн Синаның жазбалары бар, бертін келе Антони ван Левенгуктың микроскопы ойлап табуы, Роберт Кокхтың туберкулез тақшасын бөліп алуы, Александр Флемингтің антибиотиктерді ашуы –

терминмен алғаш рет бетпе бет келіп отырған адамға мені түсіну оңай емес. Басын ашып айтатын болсам, қазір халық арасында антибиотиктерді емін-еркін қолдану үрдісі кең таралды. Ата-аналар дәрігердің қабылдауына келген кезде рецептке антибиотиктерді жазып бермесек олар өзмізге агрессия көрсететіндей халге жеттік. Орта жастаң асқан емес, апаларымыздан жыл сайын «Метрид» салдырмасам жүре алмаймын дегенді, «Сумамед» шіксізбесем баламның мұрнының аққаны тоқтамайды деген жас аналарды, жедел вирустық инфекцияларды емдейміз деп білектен көктамырға цефтриаксонды салдырған қаншама адамды көрдім. Антибиотик – бактерияларды емдеуге арналған дәрі. Олардың вирустарға немесе басқа да паразиттерге қарсы күші жоқ, әсер ету нысаны жоқ. Бактериялардың өзі дәрі таңдайды. Цефазолинге елетін бактерия бар, өлмейтін де бактерия бар. Міне, сол өлмейтін бактерияларымыз бертін келе цефазолинге төзімділік тудырады. Осылайша әр бактерия ондаған антибиотикке төзімді болып, ары қарай көбейіп тарала береді, ол барып бақша адамға жұқтырады. Ал кей антибиотикке төзімді болып кеткен, емделмейтін бактерияларымыз бертін келе шешімсіз агрессияға ұшырайды, олар адамға жұқса, ол адам өлімге дейін жетуі мүмкін.

«БОЛАШАҚТАҒЫ» ӨЗГЕРІС

Расында бүгінгі технологиялық игіліктің адам өміріне әсерін ескерсек, қазақ жастарының өнер-мәдениетпен қатар заманауи техника тілін меңгеруі кезек күттірмейтін мәселеге айналары анық. Бұл тұрғыда елде жоқ білімді шетелден алып, білік арттыру таптырмас амал. Тәуелсіздік жемісіне айналған «Болашақ» бағдарламасының негізгі міндеті де осы-туғын. Талапты жастың білімін шыңдап, ғаламдық білім беру үрдісін игеруіне мүмкіндік жасау үшін 30-ға жуық елдегі ЖОО-мен келісім жасалған.

Дегенмен, бағдарламадағы мамандық тізіміне қатысты қоғам арасындағы ой-пікір мәселеге жаңа қырынан келуге итермелеген тәрізді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың техникалық мамандыққа басымдық беру, әлемнің жетекші университеттерінің бөлімшесін ашу қолдауы қордаланған кемшіліктің шетін шығарды. Тіпті жастардың басшылық қызмет пен гуманитарлық салаға бет бұруы экономиканың ақсауына әкелетінін де жасырмады. Өрине, бұл білім іздеген жанның бәрі «технар» болуы тиіс деген ұғым емес. Тек жастардың мамандыққа деген көзқарасы жаңа деңгейге көтерілуі қажет дегенді меңзейді.

«Егер кез келген қаржылық-өнеркәсіптік топ соңғы үлгідегі зауыт ашып, ауыл, қала шетіндегі мыңдаған баланы оқытса,



оларға адал ақша табуына мүмкіндік берсе, бұл әлеуметтік тұрақтылыққа кәдімгідей кепіл», – деді Мемлекет басшысы.

Жастардың ұзаққа бармай, тұрғылықты жеріндегі өндірісті бағамдай алмауы салдарынан жұмыссыздық деңгейі төмендер емес. Мәселен, биылғы білім беру гранттарының бөлінісіне назар аударайық. Ең көп грант көлемі – 17028. Ол инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бөлінген. Оған қоса IT саласына – 7487, жаратылыстану ғылымдарына – 4088, ауыл шаруашылығы ғылымдарына 1895 орын бөлінді. Аталған бағыттағы барлығында техникалық мамандық барын білеміз. Алайда осыншама көлемде білім беру гранты бөлінген болса, жастардың жұмыссыз жүруіне не себеп? Өрине, ең басты себеп – еңбек нарығын саралаудағы кемшілік. Сондықтан техникалық мамандықты игеру ғана емес, көдеге жарату тұсын да ойлаған жөн. Бәсекеге қабілетті мамандықтар мен келешек еңбек нарығын саралау маңызды. Осы бағытта 2020 жылдан бері «Жаңа мамандықтар атласы» жобасы қолға алынған. Жобаның міндеті – жастарға кәсіптік бағыттау жұмысын жүргізу, яғни «Жаңа мамандықтар атласы» жобасымен жаңа бағдарламаларды оқытып, мамандарды өндірістік еңбек нарығына дайындауға болады. Өнеркәсіп орындары, өндірістік ұйымдар мен зауыттарға білікті техникалық жұмысшыларды қамтамасыз ету мақсаты нәтижелі жұмыс істеуді. Екі жыл ішінде жоба шеңберінде туризм, тау-кен, мұнай-газ, энергетика, аграрлық технологиялар, ауыл шаруашылығы, машина жасау, құрылыс секілді 9 басым салаға тапдау жасалған болса, биыл жеңіл өнеркәсіп, химия, су шаруашылығы, тоқыма, әлеуметтік сала, сауда секілді бағыттар саралануда. Жоба сәтті жүзеге асса, колледждер мен техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңа бағдарламалар әзірленетін болады.

Аталған бағытта зерттеу жүргізіп, сараптама әзірлеген BTS Education бас директоры Саясат Нұрбек БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында техникалық маман әзірлеу мәселесіне қатысты бірнеше ұсыныс білдірген екен.

«Бірінші, қазір негізгі күшті кәсіптік және техникалық білім деңгейіне беруіміз керек, яғни колледждерді топтыру керек. Мысалы, біз Павлодар өңірлік атласын жаздық, 9-сыныптан кейін колледжде баратын оқушылар үлесі 25-26 пайыз

шамасында. Ал Павлодар – металлургия, мұнай өңдеу, энергетика саласы басым ауыр өндірістік өңір. Мұндай өңірлерде білікті жұмысшылардың, яғни колледжді түлектерінің кемінде 70-75 пайызы оқуы керек. Сол үшін де қазір бүкіл күшімізді техникалық кадр даярлауға жұмсап, кәсіптік және техникалық білім

деңгейін беруіміз керек. Екінші, «Жаңа мамандықтар атласы» атты үлкен жобамыз 2019 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен басталды. Бұл Президенттің сайлауалды уәдесі болған. Атластың негізінде бағдарламаларды күшейтіп, жоғары білім, колледжді деңгейінде жаңа бағдарламалар енгізуден қорықпауымыз керек. Жаңа бағдарламаларды тезірек оқытып, әсіресе ЖОО, колледжді профессорларын оқытқан тиімді. Неге десеңіз, өндірістік еңбек нарығының талабы да, сұранысы да, тапшылығы да қатты өзгерді. Өкінішке қарай мұны білім беру жүйеміз ескермегендіктен артта қалып жатыр.

Үшінші, мектепте, әсіресе жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағыттау жұмысын күшейтуіміз керек. Қазір, өкінішке қарай, кәсіптік бағыттау жүйесіз болып отыр. Балаларымыз көбінесе гуманитарлық бағытқа, өздері білмеген немесе ата-анасының кеңесімен басқа мамандықтарға кетіп қалады. Біздің негізгі кемшілік орта мектеп деңгейінде балаларға, жоғары сынып оқушыларына толыққанды ақпарат жеткілісіз болуынан», – дейді маман. Президентің перменінен соң техникалық мамандықтар мен «Болашақ» бағдарламасына қатысты шаралар жалғасын тапты. Жуырда бағдарламада инженерлік-техникалық бағыттағы кадрларды даярлауға қатысты өзгерістер орын алған. Сонымен қатар Ресейдегі ЖОО келісім де жүзеге асады. БАҚ беттерінде жарияланған БұғфМ ресми мәлімдемесінде аталған өзгерістерді нақтылап, жаңалықтар кеңінен талданған.

«Инженерлік-техникалық мамандықтардың тартымдылығын арттыру, ел экономикасы үшін шынмен қажет мамандарды даярлау мақсатында 2021-2023 жылдарға арналған жоғары оқу орындарының тізіміне Ресейдің жетекші техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарын қосу бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады.

Ресейлік техникалық жоғары оқу орындарын шеңберінде оқуға ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тізіміне енгізу бойынша жұмыс басталды. Сонымен қатар бағдарламаның 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясын қайта қарау жоспарланған» – делінген хабарламада.

Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша мамандарды даярлайтын оқу орындарының тізіміне Ресейдің жетекші техникалық университеттері енгізілген. Техникалық бағыттағы мамандарды дайындайтын оқу орындары тізіміне Бауман



атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті, «МИФИ» ұлттық зерттеу адролық университеті, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті және Мәскеу физика-техникалық институты енген. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеудегі арнайы сапарында Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресейде мамандар әзірлеу жөнінде келісімге қол жеткізген еді. Тіпті келіссөз қорытындысы бойынша білім беру, теміржол, цифрландыру, ғарышты игеру және атом энергетикасы салалары бойынша мамандар даярлауға қатысты бірқатар құжатқа қол қойылды. Сондықтан алдағы бесжылдықта көрші елдер мамандардың саны артады деген болжам бар.

Айта кетейік, биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға 1055 стипендия бөлінген. Оның ішінде 555 стипендия магистратура, резидентура, докторантура, тағылымдама бағдарламалары бойынша берілген екен. Тағы 500 стипендия «Ғалымдар» тағылымдамасының жаңа санаты бойынша берілмек.

Ерген ЯКУДАЕВ

УНИВЕРСИТЕТКЕ РЕЙТИНГ НЕГЕ ҚАЖЕТ?

Мәдени сынның оңай әрі жеңіл бір жолы бар. Көбіне бұл әдісті консервативті колумнист қолданады. Ол тәсіл – бүгінгі процессті көшегі күннің безбәтінмен өлшеу, яғни өскірген өлшемдерді мысал етіп, заманауи құбылысты сынау. Университет туралы жазбаққа бекіген кез келген адам ұшырайтын көлеңсіздік осы деп айтар едім. Ғалымға қоғамдағы ашылған өнертабыс пен білім беру ісі арасындағы жаңалықтың өміршеңдігі мен сапасын бағамдау қиын. Мысалы, мәтінді жазу машинасымен теру қауырсын сапты қаламды ығыстырғанын білеміз. Бірақ өркеніет жетістігінің жетілу мөрімі мен келесі сатысын сараптау қиына түскендіктен ешбірін адамзат үшін пайдасыз болды деп айта алмаймыз емес пе?

Осы мысалдың жетегімен тақырыпқа көшейік. Кезінде әлемнің әр бұрышындағы студенттің білім іздеп баратын университеті Ұлыбритания мен АҚШ-та еді. Алайда кейіннен сұраныс Сингапур мен Аустралияға ойысты. 1990 жылы ел біліп аустралиялық университеттерге білім алушылардан түсетін оқу ақысын ұлғайтуды тапсырып, нәтижесінде шетелдік студенттердің үлесі 25 процентке артқан. Себебі ХХ ғасырда ғана ақилы негізде білім алу жүйесі толық қолға алынғандықтан адамзаттың университетте оқуға деген талпынысы аяқ-астынан ұлғайды. Осы межені ұстап тұру үшін және табыс көлемін арттыру мақсатында Ұлыбритания мен АҚШ та ақилы негіздегі білім беру жүйесін дамытуға көшті (2010 жылы Лондон экономика мектебіндегі шетелдік студенттер үлесі 60 процентке жеткен).

Студент қатары артқан соң университеттерде жаңа білім стандартын енгізу міндеті болатыны анық. Осылайша әлемге әйгілі Болон процесі жүзеге асты. Бұл процестің мақсаты – еуропалық жоғары кәсіби білімді біртұтас жалпыеуропалық білім кеністігін қалыптастырып, оны жаһандық өлшем етіп айқындау. Аталған білім беру үрдісі бастауысы, магистр, докторлық дәрежелерге ортақ классификация мен оқу кестесін әзірлеуге ықпал етті. Осы жүйенің нәтижесінде студент бір елдегі ұлттық білім беру жүйесінен екінші елдің моделіне оңай ауысуына мүмкіндік алды. Себебі – жүйе бір. Семестрлік «модульді» жүйе.

Өйткенмен, ғаламдық ортақ жүйенің ерекше танымал тұсы бөлек. Ол – университеттер рейтингі. Егер бір университеттің көрсеткіші рейтингте жоғары сатыда болса, оны барлық жарнама мен үгіт-насихат құралы мысалға келтіріп, әспеттейді. Бұл бұйымға деген қызығушылық өте жоғары. Шындайында, практикалық тұрғыда университеттің танымалдығы мен сапасы сай келе бермейді. Себебі көп жағдайда бағалау көрсеткіші студенттердің субъективті пікірін жинақтау арқылы жүргізіледі. Білеміз, мұндай тәсіл сенімді әрі пайдалы боларлық ақпарат алуға кемтеске алмайды.

Өкініштісі, футбол менеджерлері ойында өзгерген стратегияны бағамдау үшін рейтингке сүйенетін секілді ректорлар да бұл бағалау формасына тәуелді күйде қалып отыр. Соның салдарынан университет туралы кез келген пікірталас «рейтинг синдромынан» өріге бармайды. Осы орайда ғалымдар арасында тараған өзін-ұшының аралас ұғымды айтым келеді: «Неміс «үздік топтан» түспейтін университеттер бір «лигада ойнайды» екен. Талас та өзара жүрмек. Ал қалған университеттерді көңіл аудару ниетімен кез қылып қосатынға ұқсайды. Міне, бағалаудың сиқы.

Оған қоса қазіргі таңда ұлттық сана көрсеткішін америкалық білім беру локомотивіне қарсы тұра алатын университет құру деген қасаң қағидаға теліп қойғаны тағы бар. Қайталап айтып, университетті бағалау өлшемі сан қилы. Тіпті мықтыны анықтау биология, химия, физика ғылымдарындағы зерттеулермен де айқындалғанымен, қаржылай инвестиция көлемі бәрбір таразының бір басын төмен түсіретіні анық. Сондықтан әділ рейтинг күтуде әлі ерте. Мәселен, Ұлыбританиядағы университет туралы таластың басым дені «Кембридж, Оксфорд университеттері, Патшалық колледжі АҚШ-тың Гарвард, Стэнфорд, Массачусетс университетімен бәсекеге түсе ала ма?» деген сауалдың айналасында. Кей ел университеттерін «үздік 50», «үздік 100» ЖОО қатарына қосудан әлек. Ал «швед пен норвегтің білім беру жүйесі жергілікті халыққа қаншалықты тиімді?» деген секілді танымдық сұрақ қойылмайды. Мойындауымыз керек, интеллектуалды танымның мұрагері саналатын ұлтаралық мінез-құлық «жаһандану» ұғымынан бұрын туды емес пе?!

Сондықтан өзара ішкі «бәсеке» түпке тұрмайды. Сол себепті «жаһандану», «мультиверситет», «рейтингке» асқан сақтықпен қараған дұрыс. Сөзімізге дәлелді ешқандай рейтингсіз қоғамның интеллектуалды өмірінде орасан рөл атқаратын жекелеген университеттерден байқауға болады. Ондай ЖОО назарға іліңбесе де адамзаттың байлығы мен білім беру ісінің өркендеуіне жол ашып келеді. Бәрінен бұрын университет жады мен интеллектуалды сипаты жеке тұлғаға тікелей байланысты екенін ұмытпаған жөн.

СТЕФАН КОЛЛИНИ, Кембридж университетінің профессоры.

Орыс тілінен ықшамдап аударған: Бөрені ШАҒЫРБОВ



«Кредит кешіріледі» деген ақпарат өлді өлең еткізді. Бұл – халықтың басты мәселесі. Себебі несиемен төлей алмай жүрген адам саны көп. Банктен несие алғанда келісім-шартқа үңіліп қарамай, «ақша алсам болды» деген түсінікпен қол қоя салатындар бары жасырын емес. Бірақ артынан аспандап тұрған пайызға «өтпеген-ай» дейді. Ол кезде бәрі тым кеш...

«Қазір азық-түлік бағасы шарықтап тұр. Бүгін алған айлықтың ай соңына жетпейтіні белгілі. Несие төлеу керек, бала-шағаның киім-кешегі, тамағы бар. Содан несиемен төлей алмайтын сәттер басталады. Ақыры несиеменнән төленбегеніне біршама уақыт болды. Қазір баламен үйде отырмын. Оны ойлайтын уақытым жоқ. Бастысы азық-түлігіме ақшам жетсе, соған да шүкір деймін», – дейді Аяжан есімді тегін жария етпеуді өтінген келіншек.

Бұл – біз білетін бір ғана оқиға. Біразының ойында «кредит кешірілсе» деген арман бар. Несиені кешіру туралы заң қаралып жатыр. Алайда әлі де нақты шешім шыққан жоқ. Ақпанның 23-іне заң мақұлдана, көптің тілегі қабыл болғалы тұр. Десе де оның арнайы талаптары бар. Мәселен, мұндай қадамға барсаңыз, бес жыл мемлекеттік мекемелерде қызмет ете алмайсыз, яғни банкрот деп таныласыз.

– Мемлекеттік мекемеде жұмыс істеу мен үшін маңызды емес. Отбасымыз қара жұмыспен-ақ асырап келеміз. Бір досымның айтқанына сөніп, үздерінде тұрады ғой деген үмітпен несие алып бергенмін. Ол төлемей қойды. Сөйтіп бұл несие толық менің жауапкершілігіме қалды. Бастапқыда жап-жақсы қызметім, табысым болды. Қысқарту болған соң жұмыстан шеттетілдім. Зардабы отбасымызға тиді. Бастапқыда жеңіл-желпі жұмыс істей бастадым. Содан несиемен төлеуге қаржы жетіспеді. Жиналып-жиналып, пайызы үстемдел кетті. Содан не керек, сол күйі қалды. «Кредит кешіріледі» деген

ақпаратты көзім шалды. Десе де мен өзімнің банкрот болғанымды, үкіметтегі халықтың ақшасына өзімнің несиемді жапқанымды қаламас едім. Біреуден тапқан қателегім үшін халықтан жиналған қаржыны жұмсауды құптамаймын.

Оның үстіне несиемен өзі өз керегіне жаратады, тіпті құмар ойынға кіргендер де несиемен несиемен жауып жүр. Егер белгілі бір санаттағылар мәселені көпбалалы ана, жалғыз-басты ана, мүмкіндігі шектеулі жандар болса түсінер едім. Ал тепсе темір үзетін жігіттердің дәмесін түсіне алмаймын, – дейді қала тұрғыны Мейрамбек Алтаев.

Түсінікті болу үшін тарқатсақ. Қарыз

жақын туысын алып баруға және жақын туысын жерлеуге шығуға мүмкіндік береді. Жұмыс істеу үшін де рұқсат берілу мүмкін. Оны әлі де талқылау

рақымшылық жасау туралы арыз жазады.

– Қазақстанда азаматтардың банкроттылығы рәсімінің 3 түрі енгізіледі. Егер тұрақты табыс және қарызды жабуға мүмкіндік болмаса, банкрот жариялау шарасын қолдану ұсынылып отыр. Оның екі түрі болады. Біріншісі – сотсыз

жыл төлемей жүргендер, 1 600 АЕК-тен (4 900 800 теңгеден) аспайтын қарызды алты ай төлемегендер. Сотсыз банкроттықты жариялау туралы өтініш электронды үкімет порталы арқылы жіберіледі. Бұдан бөлек, «Е-салық азамат» мобилді қосымшасы арқылы жіберуге мүмкіндік болады. Құжат қабылданғаннан кейін мүлктің бәр-жоғы, қарызды төлеу мерзімінің үш санаттың біреуіне сәйкес келуі және тағы басқа мәліметтер тексеріледі, – деді М.Сұлтанғазиев.

Ақпанның 23-іне дейін уақыт бар. Сол уақыт аралығында борышкер банк алдындағы қарызын өтейтіндей мүмкіндігі жоқ екенін білсе, қос тарап банкроттық рәсіміне кірісуі тиіс. Банкроттықты екі жолмен таңуға болады. Қарыз алушының өзі төлеуге мүмкіндік жоқ деп соттан тыс та және сотқа да өтініш жасай алады. Соттан тыс банкроттықты, банктер мен шағын несие ұйымдарына бес жылдан астам берешегі бар азаматтар, бір жыл ішінде 300 мың теңгеден аспайтын қарызын өтей алмағандар, сондай-ақ жарты жылда бес миллион теңгеге дейінгі өтелмеген қарызы барлар рәсімдей алады. Ал 5 миллион теңгеден астам қарызы бар борышкерлердің ісін сот қарайды. Бұл рәсім кезінде банкрот болған адамның мүлкі аукционда сатылады. Қомақты төлемнен босатылатын азаматтың тұрғын үйі келіпдік ретінде қарастырылмаса, онда оған ешкімнің қол сұғуға құқы жоқ. Банкрот болған жеке тұлғаға мемлекет бірз шектеу әзірлеп қойған. Жоғарыда айтқанымыздай, бес жыл ішінде несие ала алмайды, үш жыл ішінде шетелге шығарылмайды.



көлемі 5 миллионнан асатын борышкерлер банкроттықты сот арқылы жариялайды. Мүлік болса, сауда-саттық арқылы сатылып, кредитті жабуға жіберіледі. Қалған қарызы кешіріледі. Ал жалғыз баспанасын кепілдікке қоймаған болса, кредитор оны алып қоя алмайды.

– «Банкрот» деп жарияланған адамның жалғыз баспанасынан басқа мүлкі мені ақшасы болмаса, қарызы кешіріледі. Бірақ нақты шектеулер болады. Атап айтқанда, заң жобасында бес жыл бойы кредит пен займ алуға тыйым салынып отыр. Бұдан бөлек, үш жылға елден тыс жерге шығуға рұқсат жоқ. Шетелге тек емделуге,

қажет», – деді ҚР Қаржы бірінші вице-министрі Марат Сұлтанғазиев.

Бүгінде халық алған несие бағасы шарықтап барады. Ұлттық банктің мәліметінше, 2018 жылы қазақстандықтар банктер мен микроқаржы ұйымдарынан 4,3 триллион теңге кредит алса, өткен жылы несие көлемі 9,8 триллион теңгеге жеткен. Қазір банктен несие алып, 90 күн бойы кешіктірілген және қайтарылмаған қаржы көлемі 422,0 миллиард теңге болған. Осы тұста жыл сайын Ұлттық банкке қаржы ұйымдарының қызметіне 6 мыңға жуық өтініш мен шағым түседі екен. Олар кредитті қайта есептейді, сондай-ақ

банкроттық, екінші – сот арқылы банкроттық жариялау. Сотсыз банкроттыққа жүгіне алатын адамдардың нақты санаттары анықталды. Олар – қарызды төлеу мерзімі бес жылдан асып кеткендер, 100 АЕК-тен (306 300 теңгеден) аспайтын берешекті бір

P.S. Заң қабылданып, шешімдермен келісіп жатсаңыз, несиемді кешіріңіз деп беріңіз. Дегенмен несием жоқ деп қарыз алып, оны банктен қайтара алатын несиемен жабамын деген ойдан аулақ болыңыз. Банкрот танылсаңыз, болашаққа деген жосарыңыз жүзегі болуы тиіс. Себебі бес жылсыз сізге ипотекаға үй берілмейді, жалақыға дейін қарыздың да, займының да көмегі жәрмейді. Қаламыңызды алып, арыз жазуға дабындалмас бұрын "жеті рет өлшеп, бір кескен" аңыз.

Мөлдір САБЫРЖАН

ГРАНТ КӨЛЕМІ:



Кәсіби білім мен ақпарат қолжетімді болған бүгінгі күні бизнестің қыр-сырына қанығып жүргендер аз емес. «Кәсіп түбі – несіп» деп білгендер өз ісін ашуды армандаса да, көп жағдайда басты көдергі – бастапқы капиталдың жетіспеушілігі. Осы орайда тәуекел өтіп, түрлі дәрежедегі банкроттерден несие алмай-ақ, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Еңбек» бағдарламасының қайтарымсыз грантына қол жеткізу – үлкен мүмкіндік. Биылдан бастап бағдарлама бойынша берілетін қайтарымсыз несиемен көлемі артты. Сонымен аталған несие кімдерге, қандай жағдайда беріледі? Биыл өңір бойынша қанша грант бөлінебек?

1. Айтып өткеніміздей, мемлекеттік грантты қайтарудың қажеті жоқ, үстіне пайызы да қосылмайды. Алайда бағдарлама бойынша белгіленген уақыт аралығында білім алып, тегін несиеге лайық деп табылғанда қаржыға ие болудың бірден-бір шарты – қаражатты өз ісін ұйымдастыру мақсатына пайдалану. Мемлекеттік грант кімдерге тиесілі? «Еңбек» бағдарламасы бойынша грант беру Үкіметтің 2018 жылғы 513-ші қаулысымен реттеледі. «Еңбек» бағдарламасына тікелей қатысып, жұмысың қамту орталығы негізінде қысқа мерзімді мамандандырылған оқыту курстарынан өтуі немесе кәсіпкерлік

негіздеріне сай колледж, университет, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алуы тиіс. Сонымен қатар азаматтық бұрын басқа мемлекеттік бағдарламалар бойынша грант алмауы да – басты шарт. «Еңбек» бағдарламасына жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, қоныс аударушылар, оралмандар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатыса алады. Басымдық еңбекке қабілетті мүгедектер, жастар мен аз қамтылған және көпбалалы отбасы мүшелеріне беріледі. Өткен жылға ойыссақ, пандемияның салқыны бизнес саласынан сезілді. Дегенмен

мемлекет тарапынан жұмыссыздықты жою мен кәсіп бастаушыларды жан-жақты қолдау шаралары үздіксіз ұйымдастырылып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілгенін мойындау керек. Мәселен, биыл республика бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің саны біршама артқан. Өткен жылдың 1 қаңтарында елде 1 млн 357,3 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелсе, 1 желтоқсандағы көрсеткіш 1 млн 424 мыңды құраған. Пандемия басталғалы кей салада бизнес субъектілерінің саны азайғаны мәлім. 2020 жылы 1 қаңтарда көтерме және бөлшек сауда саласында 442,4 мың субъект болса, бір жылдан кейін 436,1 мыңы

қалған. Қаржы, көлік және қойма, жылжымайтын мүлік операциялары саласында да кәсіпкерлік нысандар азайған. Керісінше соңғы уақытта ауыл шаруашылығы бойынша кәсіп ашқандар 3,4, құрылыс бойынша 11,2, денсаулық сақтау саласы бойынша 10 пайызға артқан. Бұл – кәсіпті нысандардың халықтың суранысына сай жаңа бағытта ашылып жатқанының көрінісі. Айта кету керек, осы жылы «Бастау бизнес» жобасы арқылы берілетін қайтарымсыз гранттың көлемі 580 мың теңгеден 1 млн 200 мың теңгеге дейін көтерілген еді. Өңір бойынша биыл тың бизнес идеяны іске асыру үшін мемлекеттік грантты алуға

909 қызылордалықтың мүмкіндігі бар. Оның ішінде қайтарымсыз несиемен 331-і жас кәсіпкерлерге беріледі деп жоспарлануда. «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек» дейді Ахмет Байтұрсынов. Білімді, бай һәм күшті буынға айналу жолында мемлекеттік бағдарламалардың бағыт сілтеп, жыртылған жерде беруі жолға қойылған. Дегенмен қайтарымсыз қаржының қадірін білмей, қалтаға басып қалудың ретін табатындар да бар. Сондықтан жауаптылар бағдарламаның нәтижесі ғана емес, жұмыс барысы да маңызды екенін ескерсе деіміз.

Дина БӨКЕБАЙ

Қыс – менің өмірім! Буддизмде қыс мезгілі адамның өлім алдында өз өмірін бағалау кезеңі болып сипатталады. Мен әр қыс сайын өзімді өлім алдындағыдай сезінемін. Сондықтан табиғатқа оралғым келеді.

Білесің бе, ұзақ өмір сүргісі келетін адам кино түсірумен айналыспағаны дұрыс. Қандай да бір киноны түсіріп бастасаң, бірнеше өмірді қатар сүресің. Ал өз өмірің байқалмай жаныңнан өте шығады.

Мен өз фильмдерімді бір апта не он күннен артық түсірмеймін. Кино түсіру – өзіңді суперкомпьютер сезіну. Егер он күннен артық түсірсем, жарылып кететін шығарым. Жай ғана өліп қалатындаймын.

Жақсы фильм тек қана қымбат бюджетке түсірілген дүние емес. Ең бастысы идея, жақсы сценарий және киноны түсіруге деген құлшыныс.

Мен адамға сұрақ қоя білетін фильмдерді жақсы көремін. Кино көріп отырып, өз сұрағым жауап іздемеймін. Керісінше дұрыс қойылған сұрақ іздеймін. Сұрақ қана адамды ойландырады.

Өңгіме, диалог киноның маңызды бөлігі емес. Дауыссыз, сөзсіз түсіруге болатын киноны жаным сүйеді.

Ким Ки Дук – оңтүстік корейлық сценарист, режиссер. Шығармашылығымен әлемге танымал сценаристің фильмдері көрерменді бейжай қалдырмайды. Құдайды, адам болмысын тану мәселесін көтерген аңыз адамның кино түсіруге, шығармашылыққа қатысты ойларымен бөліспекпіз.

БІЗ БӘРІМІЗ АРМАНДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕМІЗ

екеніңді сезіндіреді.

Кино – бұл ақша жасау тәсілі емес, адамға бірдене айтуға деген құштарлық.

Менің соңғы шыққан фильмдерім жайлы «студенттік жұмысы сияқты» деген пікірлер естідім. Бірақ бұған тұқ ренжімеймін. Себебі бәріміз – өмірдің студентіміз.

Кино түсіруге корей ұлттық мәдениетін әлемге таныстыру немесе таныту мақсатын ұстанған емеспін. Мен өлемнің әр нүктесіндегі қоғамның ауыр мәселелерін ашып көрсеткім келді.

Өйелге зорлық-зомбылық жасап, әлсіздерге күш көрсету, жалпы зорлық атаулының бәрі өміріміздің бір бөлігі. Ол өлемнің барлық жағында, барлық қоғамда бар.

Біз бәріміз арманды, армандауды қажет етеміз. Өйткені арман ғана тірі

Орыс тілінен аударған: Дина БӨКЕБАЙ

КИБЕРБУЛЛИНГТЕН ХАБАРДАРСЫЗ БА?

Қазір еңбектеген баладан бастап еңкейген қарттың да қолданатыны – бағалы смартфон. Бағасын тілге тиек етпесек те, келтіріп жатқан пайдасы мен зияны бірдей.

Интернет, түрлі мессенджерлер, ойын сайттары, ақпараттық сайттар барлығы уялы телефонмен тығыз байланысты. Барлығы дерлік қажетіңе жарап, жұмысымызды аз да болсын жеңілдетуде. Десек те сол сымсыз байланыс құралына жіпсіз байланып отырумыз күннен-күнге үдей түседі. Жасөспірімдер тұрмақ естияр кісі де жалған ақпаратқа алданып жатыр. Нәтижесінде қаржылай қанау мен психологиялық соққы алғандар кездеседі. Қызмет бабымен болған, таныс-туғанмен болған байланыстан бөлек қорқыту, үркіту мақсатындағы жайттар бар екенін байқаймыз. Бұл – кибербуллинг.

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Онымен кез келген адам ұшырасуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен көмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені қорғаныссыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-

анасы мен жақындарына тіс жармай шабуылшының айтқанынан шықпайды. Жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілердің қарқынды даму нәтижесінде пайда болған кибербуллинг қазір де жиі кездесетін құбылыс. Ең сорақысы, оның салдарынан жәбірленуші жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсауға дейін баруы мүмкін. 2018 жылғы Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығының Қазақстандық оқушылар арасында жүргізілген сауалнама дерегіне сүйенсек, ҚР-дағы әрбір бесінші оқушы қорлаудың құрбаны болады. 11-15 жас аралығындағылардың шамамен 17 пайызы мектепте айына бір немесе одан да көп рет қорқытып, 20 пайызға жуығы құдалауға қатысқаны белгілі болған. Кебінесе бұл мінез-құлық 11 және 13 жастағы ер балалар арасында жиі кездеседі.

Жалпы, буллинг физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысымды, әңгіме таратуды, қорқытуды, қорлауды да

білдіреді. Сөз басында айта кеткенімдей, еңбектеген баладан бастап қолына телефон ұсынамыз. Әбден үйренісіп, тәуелділік тудырғаннан кейін ғана қателікті кеш байқайтынымыз бар. Заман талабына, қоғам адымына ілесуге ұялы телефон бірден-бір себеп. Дегенмен, бармақ тістеп қалмас бұрын балақайымызды қадағалап тұруды ұмытпағанымыз абзал.

Лунара ОРЫНБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



жағайды да, болған жайды да

образдан бейнелеген. Оған «Еңбек – өлім, жан қанатын қиятын» өлеңінде

өз жеткіземіз. Ақынның айтпақ ойы астарлай жұмбақталып, қоғамдық мәселені философиялық толғаныс жасайды: Еңбек – өлім, жан қанатын қиятын, Еңбек – өлім, жанды ашудан тиятын

Еңбек деген еңбектеген мылқау дио Жаншып жанның сұлу сынын жоятын. Ақын ой еңбегі мен физикалық еңбекті салыстыра салмақтап, екеуін таразының екі басына қояды да, философиялық ой қозғайды. Ақынның «еңбек» деп отырғаны – қол еңбегі, «жан» деп отырғаны – ой еңбегі. Енді бірде Мағжан Жұмабаев рухтың өлмейтін шыңдық, материяның өтпелі екендігін еске алады. Адам болмысы сенімнен тұрады. Ой – сенім.

«Қызыл тіп кісендеулі қолым емес» деп, өле-өлгенше қазақтың мүддесі мен мұңын жырлап кеткен, сондай-ақ «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет туғызған, сөзге жан бітірген, қазақ поэзиясында жаңа өлшеулер шығарған» Мағжан Жұмабаев ақындығының құпиясы оның өз тұсының шыңдығын дәл бейнелеуде ғана емес, өлеңнің сиқырлы күшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы жұтқан қазақтың ішкі сезімін көрсетеді.

Арайлым ӨТЕГЕНҚЫЗЫ, өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты. Данат ЖАНАТАЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ф.ғ.к.

«ОЙ» ӨЛЕҢІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

білмей, бір сәттік қуанышқа алданатын шагын баян етіп тұр. Рухани жұтандыққа тап қылатынын ескермейтін кездің болатынын жазған ақын ойы, ең бірінші, сол улануға жетелеп тұрған «рахат» сезімінен бастау алады. Ойланбай іс қылмаған жанның өкінішке ұрынатынын жеткізеді. Жаным ессіз, жаным мас.

Ой ұлады, Жүректен зар, көзде жас. Ой ұлады, Көмір болды жүрегім. Ой ұлады, Сарғаямын, сөнемін!

Мағжанның образдық ойлауы нәзік сезімталдығы мен терең білімділіне, ойының өткірлігі мен талғамының биіктігіне құрылған. Суреткер ретінде төңірегінде болып жатқан жайларға салқын қарай алмаған. Оның жақсы да нашар тұсын ой елегінен өткізіп өзінше баға берген. Толғаныс тудырған әлеуметтік ортаның өзгелерге белгісіз құпиясын ашуға, бағасын беруге тырысқан. Алда болатын



Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев шығармаларына зер салсақ, ақын келешек ұрпақты өлеңімен тәрбиелейді. Ақынның артында қалған мұрасы арасында қазіргі қордаланған мәселелерімен астасып жатқан ой мол. Солардың бірі – «Ой» өлеңі. Мысалы, онда қолданылған у сөзін алсақ, Қазақ ұғымында «у»-ды жақсылықта қолданбайды. Ол адамның ес-түссін

АДАМНЫҢ АДАМШЫЛЫҒЫ ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН

Ұстаздық – жай ғана мамандық емес. Ол – адамға бағдар беруші. Ұстаз – келешек ұрпақтың сәулетшісі. Сол үшін хакім Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп айтқан.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім берумен қатар оқуға, үйренуге деген ықыласын арттыру әр ұстаздың басты міндеті. Сабақ барысында шақирттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбекке баулу, жалпы оқушы бойына жауапкершілік сезімін қалыптастыру, ешқашан күн тәртібінен түспейтін мұғалімдерге қойылатын басты талап.

Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамуың көзі. Өз бетімен орындалатын ізденіс оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланып,

шеберлігі шыңдалады, жауапкершілігі артып, өзіне-өзі баға береді, жаңалыққа ұмтылады. Оқушылардың қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, қабілетті болып келеді. Сол қабілетті дамытудың негізгі шарты – табандылық. Табанды болмай, ізденістің болуы мүмкін емес. Оқушы бойында да осы қасиетті дамыту қажет. Сонда ғана еңбекке шығармашылықпен қарау қалыптасады. Балаға сеніммен қарау, оның кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтау оқушыға жігер сыйлайды. Жақсылыққа бастайтын сара жол – білім. «Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деп Міржақып Дулатов айтқандай, егеменді ел тірегі білімді ұрпақ қолында.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім берумен қатар оқуға, үйренуге деген ықыласын, сабақ барысында шақирттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, оқушы бойына жауапкершілік сезімін қалыптастыру – ұстаздың өзіне міндеттел алған ізгі ісі. Педагогикалық ұстаным – жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, биік мақсатқа жетелеу.

Л.ОРЫНБАЙ



Мәнерлеп сырғанаудан 2019 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, әйелдер арасында төрттік салхов әдісін тұңғыш орындаған спортшы Элизабет Тұрсынбаева – Сыр елінің ғана емес, қазақтың мақтаншы. Өкінішті, тарихи жетістіктерге қол жеткізген Лиза 21 жасында карьерасын аяқтады. Спортшының бұл әрекетке баруына жарақаты себеп болған. Аз уақыт карьерасында зор жетістікке жеткен Лизаның жеңіс жолына шегінің жасасақ,

Элизабет Тұрсынбаева бұл спорт түрімен 16 жылдан бері айналысып келді. Осы жылдардың ішінде 39 халықаралық доданың жүлдесіне қол жеткізді, оның 17-сі алтын. 2014, 2015 және 2016 жылдары ересектер арасында Қазақстан чемпионы атанды. 2015 жылы жаңа маусымды АҚШ-та бастап, сол елдегі U.S. Classic турниріне қатысып, екінші орын алды. Бұл спортшының ересектер арасындағы алғашқы халықаралық жарысы болатын. Содан кейін Тұрсынбаева түрлі Гран-при кезеңінде, челленджерлерде бақ сынап жүрді. Сәт сайын медаль да еншіледі. Сол жылы алғаш рет Әлем чемпионатына қатысып, 12-орын алды. Элизабет үшін алғашқы үлкен сынақ 2017 жылғы қысқы Азия ойындары болды. Ол бұл жарыста қола медальді қанағат тұтты. 2018 жылы Пхенчханда өткен қысқы Олимпиада ойындарында отандасымыз 12-орыннан көрінді. Қазақстандық спортшының карьерасындағы ең жемісті жыл деп 2019 жылды айтуға болады. Сол жылы япониялық Сайтамада әлем чемпионы өткен. Оған дейін Элизабет әлем біріншілігіне үш рет қатысып, жүлделі орындарға жақында алмай жүрген еді. Ал Сайтамада екі түрлі жетістіктен тарихта қалды. Ол еркін бағдарламада төрттік секруді (салхов) орындады. Осылайша ересектер арасындағы ресми жарыстарда мұндай жаттығуды орындаған алғашқы спортшы атанды. Оның бұл өнерін қазылар да бағалап, жерлесіміз күміс медаль алды. Осының арқасында әйелдер арасындағы әлем чемпионатында жеңіс тұғырына көтерілген алғашқы қазақстандық ретінде тарихта қалды. Әлем чемпионатынан кейін спортшы жаттығуларының видеосын жариялап жүрді. Онда үштік аксель секілді қиын жаттығуларды орындайды. Мұндай жаттығуларды орындауы Элизабетті болашақта мәнерлеп сырғанаудағы

басты фавориттердің біріне айналдырар еді. Бірақ бәрі спортшы жарақат алған кезде аяқталды. 2019-2020 жылғы маусымнан бастап спортшы көп жарабақа қатысқан жоқ. Себебі арқасы ауырып, Элизабет жаттығу да істей алмайтын.

Басында арқасы сәл ауырған, кейін ол күшейе берген. Спортшы жаттығу кезінде қарапайым әдістерді

арқасындағы жарақатынан толық айыға алмады», – деп жазды ол. Осылайша спортшының өмірінде жаңа тарау басталды. Туған жерге оралып, Қызылордадағы спорт мектебінде жаттықтырушы ретінде жұмыс істей бастады. Жақында спортшы мансабын аяқтағаннан кейін неге өкінетінін жеткізді. «Әдетте өз ойыммен бөліспеймін,

Сондықтан сәтсіздіктер мені одан сайын ширата түседі. Қиынған сәтте ағам қолдау көрсетеді, керек жерінде кеңесін айтады. Сондай-ақ туған қалам Қызылордада барғанда көп энергия жинаймын. Туған елімде мені көптеген адамдардың білетініді, жерлестердің маған тілеулістігі бойыма қанат бітіреді. Бұл – мен үшін зор қуаныш» деген екен.

ЛИЗА НЕГЕ ӨКІНЕДІ?

бірақ бүгін айтқым келді. Мансабымды аяқтағаннан кейін өкінетін жалғыз дүние – осы бағдарламаны Дахманиновтың концерт туындысында

2011 жылдан бері Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсеткен, талай әлемдік сындарда үздік көрсеткіштерге қол жеткізген



орындай алмаған. Содан соң Ресейге барып тексерілген, онда тірек-қозғалыс аппараты жарақаттанғанын анықтаған.

«Қатты көңілім түсті. Лизаға Құдай күш-қуат берсін. Амалсыздан үнсіз жылаймын. Мәнерлеп сырғанау әлемінде қанша қиындықтан өткенінді Құдай мен мен ғана білемін», – деп жазды Элизабеттің анасы Падишахан Сұлтаналиева.

Жанкүйерлер Лизаны мұз айдынына оралады деп күтіп жүрген. Оның үстіне Бейжің Олимпиадасы да жақын еді. Алайда спортшының әкесі Байтақ Тұрсынбаев қызының карьерасын аяқтағанын хабарлады.

«Элизабет мәнерлеп сырғанау спортына 2005 жылы келді. Сегіз жасында елде өткен барлық жарысқа қатысты. Сондай-ақ Қазақстанның құрама командасында бой көрсетті. Осы аралықта Элизабет үлкен жетістіктерге жетті. Қазақстанның атын әлемге танытты десек те болады. Біздің алға қойған мақсаттарымыз өте көп болатын. Қысқы олимпиадаға қатысуы жоспарлаған едік. Дегенмен денсаулығы сыр бергеннен кейін осындай шешімге келдік. Өрине мұндай шешім шығармас бұрын көп ойланып, толғандық. Бірақ ұзақ уақыт бойы

барлық жағынан көрсете алмағаным.

Жаттықтырушыларым қалағандай деңгейде көрсеткім келген еді», – деді ол инстаграм парақшасында.

Элизабет Тұрсынбаева өзіне бағдарламаны орындап шығу қиынға соққанын айтты.

«Мен үшін бұл қиын болды, бірақ мені басқа деңгейге алып шығар еді. Біз командамен осылай жоспарладық. Өкінішке орай оны Шанхайда ғана көрсете алдым, ол жерде жарақатпен күресіп, дайын болмадым. Бағдарлама да шикі болды», – деп жазды ол.

Осыдан 6 жыл бұрынғы сұхбатында Лиза «Сәтсіздіктер мен жеңілістерді қалай қабылдайсың?» деген сауалға «Өмірде ешқандай жеңістің оңайлықпен келмейтінін білемін.

Элизабеттің өсімі отандық спорт тарихында алтын әріптен

жазылатыны түсінікті. Себебі талантты қыз тек мәнерлеп сырғанаумен ғана шектеліп қалмаған еді. Ол музыкалық мектептің скрипка сыныбын тәмамдап, мұз айдынында сазды скрипканы әуелетімен есте қалды. Енді жанкүйерлердің жан-жақты Лизаның орын бастатын спортшы шықса деген тілеуі бар. Біз де Төрт құрлық чемпионатында, Азия ойындарында, жасөспірімдер арасындағы Олимпиада ойындарында, Халықаралық университеттерде жүлдегерлер катарынан көрінген жерлесіміздің енділі кезекте жаттықтырушы ретінде ізбасарын тәрбиелеп, шәкіртімен олимп шынын бағындыруын тілейміз.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

ДЕБЮТІ ТАРИХТА ҚАЛДЫ

Бейжің Олимпиадасында шаңғы қоссайысы өз мәресіне жетті. Шаңғы қоссайысынан неміс спортшысы Винченц Гайгер жеңімпаз атанды. Күміс медаль норвегиялық Йорген Граабакка бұйырса, үшінші орынды австриялық Лукас Грайдерер қанағат тұтты.

Аталған спорт түрінен ел намысын қорғаған Шыңғыс Рақпаров трамплиннен секіру кезеңінде 79,5 метрге секіріп, 69,9 ұпай жинаған болатын. Бұл нәтижемен отандасымыз алғашқы айналымда 38-орынға жайғасты. Ал екінші бөлімде отандасымыз өз шақырым қашықта жарыс жолына шығып, мәре сызығын 41-болып кесті.

Еске сала кетейік, Шыңғыс Рақпаров шаңғы қоссайысынан Олимпиадаға қатысқан алғашқы қазақстандық спортшы болып тарихта қалды.

Бейжіңде Абайдың өні шырқалды

Латвиялық мәнерлеп сырғанаушы Денис Васильев 2022 жылғы Олимпиададағы қысқа бағдарламада Абай Құнанбайұлының «Айттым сөлем, Қаламқас» әнімен өнер көрсетті.

Васильев бұл сында 85,30 балл жинап, аралық жетінші орын иеленді. Қаңтар айында Васильев Еуропа чемпионатында қола жүлде жеңіп алған. Бұл – оның карьерасындағы ең биік көрсеткіш және Латвияның мәнерлеп сырғанау тарихында бұрын болмаған жетістік. Васильев үшін Бейжің ойындары карьерасындағы екінші Олимпиада. 2018 жылы Пхенчханда ол 19-орын алған.

Айта кетейік, Васильевтің бапкері Стефан Ламбель марқұм болған қазақстандық спортшы Денис Теннің досы еді. Абайдың өні сол үшін таңдалса керек.

ҮЗДІК БЕСТІКТЕ

Әсел Серікбай Польшада өткен әлем біріншілігінде үздік өнер көрсетті. Байрақты бәсекеде жерлесіміз әйелдер арасында бесінші орыннан көрінді.

Польша астанасына 50 елден келген 200-ге жуық спортшы жиналды. Жұлде қоры – 1 миллион доллар.

– Жарыс жоғары деңгейде өтті. Александр Горячина, Екатерина Логно сияқты әлемдегі мықты әйелдермен шахмат тақтасында кездестік. Бірін ұтсам, бірімен тең түстім. Мен үшін оларды жеңуден гөрі тәжірибе жинақтағаным зор мақтаншы. Ең қиын ойын Александра Костенюкпен болды. Тең түстік, – деді Әсел Серікбай.

Сондай-ақ әйелдер арасында қазақстандық Бибісара Асаубаева да көпшілік назарында қалды. 17 жастағы тараздық шахматшы Нану Дағнидзени тізе бүктіріп, жарыс жеңімпазы атанды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Қарағанды қаласында 18 жасқа дейінгілер арасында екінші халықаралық ITF Juniors турнирі мәреге жетті. Қазақстан тегінен федерациясы мәлім өткендей, Team Kazakhstan академиясының тәрбиеленушілері табысты өнер көрсетті.

Бозбалалар арасында Ислам Орынбасар финалда ресейлік Артем Алексейчукті 6:4, 6:1 есебімен ұтты. Сөйтіп ол жеке лейсында ITF Juniors жарысындағы алғашқы титулына қол жеткізді.

Жұлтық сында Әмір Омарханов Виталий Заветлицини бірте соғып бәсекеде ресейлік Егор Горин мен өзбекстандық Артур Ибрагимовті 6:3, 6:3 есебімен тізе бүктірді. Бұл – Әмірдің ITF Juniors сериясындағы алғашқы жеңісі.





«ӘР ӘНІМДӨБ МЕН ТАРМАҒЫН»

Бір ауыз сөздің жан тетігін табатыны кейде мың өзгеше салатыны рас. Музыканың құдіреті де одан кем емес. Ал ән мен сөздің үйлесімінен жүректерді қозғай алатын жанды дүние туындайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы теп-тегіс, жұмыр келген» туындырлар қазір аз. Кейде әдемі әуен жүректің қылын қозғай алмай жатады. Осындайда ұлы Абайдың өнге қатысты сөзін «әншінің де естісі бар, есері бар» деп өзгертсек жарасатындай. Әншілігі де, сазгерлігі де, ақындығы да бір бойынан табылатын Мархаба Сәби шығармашылығы – жаңа көзқарас пен тың талғамның қосындысы, сезімдердің тынағы. Жақында Қызылорда қаласына келген әншімен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Мархаба, өнерге қалай келдіңіз?
 – Бала үшін алғашқы ұстаз, жол сілтеуші ата-анасы ғой. Мені де әке-шешем Ұшкентайымнан өнерге баулыды. Аман ерінбей вокалдан үйірмелерге қатысырып, бос уақытымды, қызығушылығымды үнемі қадағалап жүретін. Ал үй ішінде әкем кешке қарай үнемі домбырамен ән айтып отыратын. Кей әндердің тарихын талдап түсіндіруші еді, сол кезден құлағымна сіңе берген болу керек. Жалпы өнер қанымда, жанымда болғандықтан есімді білгелі ән айтуға, жалпы музыка өнеріне ғашықпын.
– Көрсеніңіз құпия жеке өміріңіз жайлы сөз етсек...
 – Табиғатымын өз әдамы бейжай қалдырмайтын жастықтын, махаббаттын қаласы Алматыда өмірге келдім. Отбасымда төртеуіміз: әке-шешем мен туған інім бар. Ата-

анам негізі Шығыс Қазақстан өңірі, Өскемен қаласының тумалары. Ал өзіміздің отбасылық өмірге жауапкершілік

– Музыка – жанның тілі. Өзгелерді сзіді жаныңызбен, сізбен таныстыратын өңіңіз қайсысы?
 – Сазгер ретінде жауап берсем, әр әнім әртүрлі көңіл-күйді толғанстан туындайды. Жанымды мазалайтын сұрақтардан туындайды. Дәл сол сәтті фотоға түсірген сияқты сақтап қалғым келеді. Демек өңіңіз бәрі – менің өмірім мен сәттерінің көрінісі. Нақты осы ән Мархабамен таныстырады деп бөліп-жарып айту қиын, әр өнімде мен бармын.

– «Жүйе» сынды өңіңіз өнердің «қылдан нәзік, қылыштан өткір» екенін көрсететіндей. Бірде сыршыл, бірде құпия, бірде нәзіксіз. Сіз үшін өн дегеніміз не?
 – Өн ішкіміз болса, өтпек ойдан құрастырылған, жалған болмаса ғана тірі. Ғұмыры да ұзақ, әсері де тереңрек болады. Мен үшін өн – рухани коммуникация құралы. Ол арқылы көзге көрінбейтін, көпке айтыла бермейтін жан-дүниенің қалтарыстарын жырлауға, шарлауға болады. Немесе бәрі көрген белгілі бір жайтты өзге ғана тән көзқарасымен өнерге жеткізуге мүмкіндік бар. Осының бәрі мен үшін өн.

– Тапсырыспен өн немесе сөз жазасыз ба? Өз өңдеріңізді бірінші өн келе ме, өлде сөзі ме?
 – Тапсырыспен өн немесе сөз жазасыз ба? Өз өңдеріңізді бірінші өн келе ме, өлде сөзі ме?

– Өдетте ең жақсы өңдерімнің қайырмасы ұйқыға кетіп бара жатқан сәтте, өң мен түстің ортасында жартылай алып, тұрмысқа шыққаным 7 жылдай уақыт болды. Жолдасым Сәкен Мұсағалиев екеуміздің қызымыз бар. Ол да өнер адамы. Шығармашылықта да, өмірде де барлық мәселені бірге талқылап, ақылдасамыз.

– «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» дейді Абай. Жаңа бағытта ізденушілер көп. Ал тыңдаушының талғамы өзгерген бе?
 – Соңғы уақытта қазақ тілді эксперименталды, тәуелсіз музыка жақсы дамып жатыр. Осыған байланысты тыңдарманның да талғамы біршама жақсарған сияқты. Өзгеріс бірден бола қалмасы анық, дегенмен жаңаша ойлай алатын, түрлі эксперименттерден қорықпайтын жас автор, орындаушылар баршылық.

– Бір өңіңіздің тарихынан сыр шертсеңіз...
 – Жақсы өңдерімнің күші шығу тарихында емес, туыныңың өзінде деп ойлаймын. Үгілген адамға өңдерім түсінікті тілмен сөйлейді, менің қатысуымсыз-ақ дос та, сырлас та бола алады.

– Жырыңа жылдан кейінгі Мархаба кім?
 – Жауап беру қиын, 20 жылдан кейін хабарласыңыз. Аман болсақ айтамын.
 – Өдемі өңіміздің үшін, рақмет! 20 жылдан кейін хабарласамыз.

Сұқбаттасқан: Дина БӨКБЕБАН

ЖҮЛДҮЗ - ЖОРАМАЛ

(17 – 23 ақпан)

Тоқты
 Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, қиын кезеңіңізге де, аса мән берген жөн. Қысметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.

Торпақ
 Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

Егіздер
 Алтаы отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындарыңыздың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Шаян
 Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүреңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемідеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

Арыстан
 Қаржы саласында, жалпы көз келген жарыста жеңіске жетесіз. Кәсіп бастағысы келгендерге сәттілік серік болады. Алайда істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жаңа белестерді бағындыратын уақыт жетті. Өзіңізді өзге қырынан көрсетіңіз. Бұл апта жетістіктерге жетіңіз кезең. Мұның бәрі бұған дейін қолға алған істің жемісі. Жеке өміріңізде маңызды кездесулер орын алады.

Биکش
 «Жұмыс, карьера» деп өзіңізді ұмытып алмаңыз. Айналыңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылдық болса түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытпай, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.

Таразы
 Көп ойланп, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасағаныңыз жұмыстың нәтижесін көре аласыз. Апта соңында қабылдаған шешімнің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізесіз. Биікке жетуді де, төменге құлдырауды да бастан өткеруіңіз мүмкін. Апта соңында күтпеген ұсыныс жасалу мүмкін. Десе де жұлдыздар ауыр міндетті жауапкершілік алмауға кеңес береді. Қандай да бір шешім қабылдамас бұрын ата-анаңызбен ақылдасқаныңыз жөн.

Сарыаян
 Өмірді қайта бастауға құлшыны артып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Діттеген мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмас уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.

Мерген
 Апта жақсы жаңалықтармен басталады. Күнніңді бекерге өткізбей. Аздаған тиімдік кездесу де сабыр сақтаңыз. Бос уақытыңызды жаңа білім алуға, тіл үйренуге арнағаныңыз дұрыс.

Тәуешкі
 Жаңа аптада денсаулығыңызға мән бергеніңіз жөн. Дәрумендер қабылдап, мүмкіндігінше демалысқа уақыт арнаған дұрыс. Сондай-ақ шақырған жерден қалмаңыз, жаңа ортадан жақсы достар табуыңыз мүмкін.

Сұққияш
 Жақын адамныңызды ренжітіп алмаңыз. Қандай жағдай болмасын сабыр сақтаңыз. Кей кезде жұмыс барысында түсініспеушілік болуы мүмкін. Сол сәттегі үнемі байыппен, ойланп ішкіңіз.

Балықтар
 Осы аптада достарыңызбен жиі бас қосасыз. Жақындарыңызбен де берік қарым-қатынас орнатасыз. Сондықтан әрқашан күліп жүріңіз. Бұл сіздің денсаулығыңызға да оң әсерін береді.

Кезекші редактор: Гүлдана ЖҰМАДИН

Мейрамханалардағы ас мәзірінде әр ұлттың тағамы көрсетілген. Еуропа, өзбек халқының ерекше тамағына қалауыңызға қарай тапсырыс беруге болады. Ал қазақ халқының тағамын ұсынатын асханалар легі аз. Бара қалсаңыз, бешбармақ пен құырдақтан ары اسپайды. Осыны ескерген ресторатор Ақтілек Азатбекұлы «Bauyrdaq» асханалар желісін ашты. Алматыдан бастау алған асхана қазір Шымкент, Тараз, Қызылордада да іске қосылған. Ерекшелігі қандай?

– «Bauyrdaq» – жаңа сойылған қой бауырының дәмдеуіштермен бауырсаққа оралған күйі ұсынылатын тағам. Бұл өнім тойымды, пайдалы, әрі жылдам дайындалады. 2013 жылы алғашқы тұтынушылар сынаған өткен. Денсаулыққа пайдалы. Бауырдың пайдалы қасиеттеріне тоқталса, мұнда А және С дәрумендерінің жеткілікті мөлшері, минералды тұздарға бай ақуыз және май, «Гепарин» атты ерекше зат бар. Негізгі қызметі – қанның қалыпты ұйығын ұстауға қатынасады ету, – дейді Ақтілек Құсанбаев.



«Bauyrdaq» бауырсақтан жасалған. Жоғарыда айтып өткендей, ішінде қордақ құырдағы болады. Бургер пішінде тағамды кешіде өзіңізбен бірге алып жүруге болады. Жеткізіп беру қызметі де қолға алынған. Тұтынушыларды тарту мақсатында жеңілдіктер де қарастырылған, ұтыс ойындары жүргізіліп тұрады. Тағам түрлеріне қарай берілетін акция бар.

– 10 жыл бұрын кәсір болып асханада жұмыс бастадым. Администратор болып та қызмет еттім. Содан «неге бұл істі өзім қолға алмасам» деген ой келді. Асханаға жалға алып, жұмыс бастап кеттім. Сол уақытта жинақтаған тәжірибемнің бәрін осы асханаға салдым. Жеке «қазақ фаст-фуд» аштым. Әр ұлттың өз тағамы болады. 10 жыл бойы сатып жүрген тағамдардың ішінде көбіне басқа ұлттық тағамдары болды. Сол себептен көп ойландым. Нәтиже шықты. Bauyrdaq – Qazaq fastfood Bauyrdaq 2019 жылы Нұр-Сұлтан, Талдықорған қаласында өткен «Қазақ халқының бірегей ұлттық тағамдары» атты аймақтық фестивальға да қатысты. – дейді ресторатор. Бизнесі қазір оқып, қазір алып кету қиын. Тәжірибе керек. Бес жыл болсын, он жыл болсын алдымен сарапалап, сараптап көру маңызды. Басы-қасында жүру керек. Сонда ғана бизнесмен атанасың, ісің өрте домалайды. Бұл – өзіңді дамыту, өзек қалған бастамадан нәтиже шығару. Өйтпесе қазір кәсіп ашып, әрі кетсе төрт айдан кейін құлдырап жатқаны көп. Ізденіс пен талпыныстың, шымдадылықтың рөл аса зор екенін осыдан білуге болады.

М.САБЫРЖАН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынп, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	Таралымы: 8059 Тапсырыс: 235
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ		